

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 237 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 желтоқсанда № 3223 болып тіркелді. Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 21 қарашадағы 2022 жылғы № 222 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 21.11.2022 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Түпқараған ауданының ұйымдарында ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 12.04.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Түпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.Ш.Беришбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Маңғыстау облысы әкімдігінің

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау

басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы

"Түпқараған орталық аудандық ауруханасы"

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры

Г. Шалабаева

"09" желтоқсан 2016 жыл.

Түпқараған ауданы әкімдігінің

"Түпқараған су жүйесі" мемлекеттік коммуналдық

кәсіпорнының директоры

А. Аманафесов

"09" желтоқсан 2016 жыл.

Түпқараған ауданы әкімдігінің

"Түпқараған электр жүйесі" мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорны директорының

міндетін атқарушы

А. Ещанов

"09" желтоқсан 2016 жыл.

"Түпқараған аудандық білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Утесбаева

"09" желтоқсан 2016 жыл.

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 237 қаулысына қосымша

Түпқараған ауданының ұйымдарында ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квоталар

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 12.04.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны (адам)
	"Ақ жол құрылыс" жауапкершілігі			

1	шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	161	3	5
2	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің " Ақшұқыр мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	172	3	5
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің " Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	208	3	6
4	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3	3